



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 26 сәуір

Данияр Ақышев - Банк секторының жиынтық активтері 23,8 трлн. теңге болды

Банк секторының жиынтық активтері 2018 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 23,8 трлн. теңге болды. Жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі банктердің несие портфелінің 10%-ын құрайды. Банк секторының меншік капиталы жылдың басынан бері 1,6%-ға ұлғайып, 3,1 трлн. теңге болды. Бұл жайлы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы» заңның жобасын қарау жөніндегі ҚР Парламенті Сенатының отырысында депутаттардың сұрақтарына жауап бере отырып, айтып берді.

Ол 2017 жылы Ұлттық Банктің қаржы секторын «қайта іске қосу» шеңберінде Банк секторының орнықтылығын арттыру бағдарламасын іске асырғандығын айтып берді. Бағдарлама шеңберінде Казкоммерцбанк қалыпқа келтірілді және қазіргі уақытта ол үлкен қормен Ұлттық Банк белгілеген нормативтерді орындап отыр. Экономикадағы барлық кредиттердің 30%-дан және халықтың және квазимемлекеттік сектордың барлық депозиттерінің 25%-дан астам үлесі бар елдің 5 ірі банкіне қолдау көрсетілді. Қолдау мөлшері 653,7 млрд. теңге болды, 710 млрд. теңге сомаға жұмыс істемейтін кредиттер есептен шығарылды.

«Мемлекеттік қолдау ортақ негізде көрсетілді. Банктің акционерлері 5 жыл бойы банктерді үстеме капиталдандыруға және активтердің сапасын жақсарту бойынша шаралар жүргізуге міндеттеме қабылдады. Тұтастай алғанда, банктерді мемлекеттік қолдау есебінен олардың кредиттік қызметінің жандануы байқалады. Бағдарламаға енген сәттен бастап және ағымдағы жылғы 1 сәуірге дейін банктер қарыз алушылардың қайта құрылымдалуын ескере отырып, 865 млрд. теңге сома, оның ішінде ШОБ субъектілеріне – 315 млрд. теңге, корпоративтік бизнеске – 329 млрд. теңге, жеке тұлғаларға – 222 млрд. теңге қарыздар берілді», - деп хабарлады Д. Ақышев.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта Ұлттық Банк Басқармасы банктерді үстеме капиталдандыру бойынша қараларға қатысты Бағдарламаны іске асыруды аяқтау туралы шешім қабылдады.

Данияр Ақышев банк секторындағы ахуал туралы айтып берді

2018 жылы жүйе құраушы екі банкті - Казкоммерцбанк пен Халық банкті біріктіру күтіліп отыр. Шоғырландыру нәтижесінде Халық банкінің банк секторының активтеріндегі үлесі 19,7%-дан 33,7%-ға дейін, кредиттік портфельдегі үлесі – 20,1%-дан 30,8%-ға дейін өседі. Бұл жайлы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы» заңның жобасын қарау жөніндегі ҚР Парламенті Сенатының отырысынан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, айтып берді.

Ол Ұлттық Банк, жалпы алғанда банктерді капиталдандыруды ұлғайтуға және клиенттерге қызмет көрсету жөніндегі қолданыстағы бизнес-процестерді жақсартуға

ықпал ететін банк секторын шоғырландыру бойынша бастаманы қолдайтындығын атап өтті.

Сондай-ақ Ұлттық Банк басшысы «Altyn Bank» АҚ-пен, «Эксим Банк» АҚ-пен, «Астана Банкі» АҚ-пен, «Qazaq banki» АҚ-пен қалыптасқан ахуал туралы айтып берді.

Атап айтқанда, ол 2018 жылғы 5 сәуірде Ұлттық Банк China CITIC Bank Corporation Limited-ке(CITIC Bank) «Altyn Bank» АҚ-ты сатып алуға рұқсат бергендігін айтып берді. Бүгінгі күні мәміле аяқталды, 60% акцияларымен CITIC Bank және 40% акцияларымен Халық банкі акционерлері болып табылады.

«ЭксимБанк, Астана Банкі, Qazaq Banki кредит портфелі сапасының төмен болуына байланысты өтімділіктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етумен қиыншылықтарды басынан кешіріп отыр. Сондықтан, үш банкте клиенттер алдындағы міндеттемелерді уақтылы орындау шектеулі. Қазіргі кезде осы банктердің қызметіне қадағалау күшейтілген режимде жүзеге асырылуда», - деді Д.Ақышев.

Ол, Ұлттық Банк аталған үш банктің қаржылық жағдайына мониторингті жүзеге асырады және банктің менеджментімен және акционерлерімен жағдайды тұрақтандыруға бағытталған шараларды пысықтау бойынша келіссөздер жүргізіп отырғандығын атап өтті.

Данияр Ақышев - Мемлекет басшысының Бес әлеуметтік бастамасын іске асыру аясында Ұлттық Банк «7-20-25» бағдарламасын іске асыруға кірісті

Мемлекет басшысының Бес әлеуметтік бастамасын іске асыру аясында Ұлттық Банк «7-20-25» бағдарламасын іске асыруға кірісті, ол ағымдағы жылғы мамырда бекітілуі тиіс. Ол жөнінде Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышев «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасын қарау бойынша ҚР Парламенті Сенатының отырысынан кейін журналистердің сұрақтарына жауабында айтты.

Ол ипотекалық кредиттерді сатып алу үшін Ұлттық Банк арнайы еншілес ұйым құрады, ол нарықтық талаптармен 1 трлн. теңгеден астам қаржы тартатын болады деп атап өтті.

«Осы ақшалардың есебінен Бағдарламаның талаптары бойынша берілген ипотекалық кредиттер салып алынатын болады, ол банктердің ипотекалық портфелінің ағымдағы көлемін 2 трлн. теңгеден астам екі есе ұлғайтуға мүмкіндік береді», - деді Д.Ақышев, журналистерге берген жауабында.

Сөзінің соңында ол «7-20-25» Бағдарламасының негізгі талаптары: сыйақы мөлшерлемесі – жылына 7%-дан артық емес; бастапқы жарна - 20%-дан артық емес; кредит мерзімі – 25 жылға дейін екенін қайталап айтты. «Басқа талаптары қазір банктермен және мүдделі мемлекеттік органдармен талқылануда», - деді Д.Ақышев.

Данияр Ақышев – Ұлттық Банктің мақсаты - онлайн-кредиттеудің қауіпсіз үлгісін қамтамасыз ету

Ұлттық Банк халықты өсімқорлықтан нақты қорғауды қамтамасыз ететіндей онлайн-кредиттеуді реттеу қажет деп есептейді. Бұл жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасын қарау жөніндегі ҚР Парламенті Сенатының мәжілісінен кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтып берді.

Ұлттық Банк басшысының сөздері бойынша, бүгінгі күні халыққа кредитті валюталар мен кредиттің мөлшерлемесі бойынша қандай да бір шектеусіз бәрі бере алады. Банктік кредиттер және МҚҰ кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 56%-дан аспауы тиіс, онлайн-кредиттер бойынша еш бір шектеу жоқ, сондықтан олар жылдық 700%-ға және 900%-ға дейін жетеді.

«Тәуекелдерді түсінбей не ақшаны тез алу ниетімен қарызды алған біздің азаматтардың - қарыз алушылардың саны 236 мың адамға жетті. Орташа алғанда онлайн-кредиттер бойынша қарыз алушылардың саны 3 ай сайын 26%-ға өседі, осындай қарқынмен 2020 жылы ол 1 млн адамнан асады, бұл кең ауқымды әлеуметтік топты білдіреді. Онлайн-кредитті алған және оны өтеумен байланысты елеулі проблемалары бар азаматтарда заң тұрғысынан еш бір қорғаныш жоқтығын түсіну қажет», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Ол Ұлттық Банк заңнамадағы осы кемшілікті жою және осындай қарыздарға қызмет көрсету азаматтардың қаржылық жағдайына қауіп төндірмейтіндей және олардың онлайн-кредиторларға тәуелділігін арттырмайтындай шектеу енгізу қажет деп есептейді деп атап өтті.

«Мөлшерлеме жылдық 100%-дан аспауы тиіс, ал қарыз тек қана теңгемен және 1 жылдан аспайтын мерзімге берілуі тиіс. Және тағы бір маңызды талап, егер онлайн-қарыз шарты мен көрсеткен өлшемшарттардың біріне де сәйкес келмесе, онда осындай қарыз заңсыз деп танылуы мүмкін және қажеттілігі кезінде сот тәртібімен расталуы мүмкін», - деді Д. Ақышев.

Түсіндірмесін қорытындылай келе Д. Ақышев Ұлттық Банк халық кредиттік тәуелділікке түсуі мүмкін болатын онлайн-кредиттеудің үлгісі Қазақстанда таралмауына жол бермеу мақсатында тиісті түзетулерді енгізіп отыр деп атап өтті.

Данияр Ақышев БЖЗҚ қаражатын басқарушы компанияларға беру ахуалы туралы айтты

2017 жылы Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің валюталық бөлігін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін және Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін басқару тәжірибесінің негізінде жаңаша стратегиялық бөлуді әзірледі. 2017 жылғы тамыздың соңында БЖЗҚ-тың Инвестициялық декларациясына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы» Заңның жобасын қарау бойынша ҚР Парламенті Сенатының отырысынан кейін журналистердің сұрақтарына жауап берген кезде айтты.

Д. Ақышевтың айтуынша жаңаша бөлудің шеңберінде зейнетақы активтерін акциялардың жаһандық индексіне және шетелдік басқарушы компаниялар жүзеге асыратын облигациялар индексіне индекстік инвестициялауды қолдану жоспарлануда. БЖЗҚ-тың Инвестициялық декларациясында үш индекс: құрамына дамыған елдерге жататын, капиталдануы жоғары және орташа компаниялардың акциялары кіретін акциялар индексі (MSCI World Index); «BB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар дамушы елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарының индексі; дамыған және дамушы елдердің капиталдануы жоғары және «BBB»-тан төмен емес рейтингтік бағасы бар эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздарының индексі көзделген.

«Ұлттық Банк зейнетақы активтерін инвестициялау үшін шетелдік басқарушы компанияларды таңдау бойынша жұмысты бастады. Қазіргі уақытта БЖЗҚ зейнетақы активтерінің 220,0 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі бөлігі сыртқы сенімгерлік басқаруға берілді, сондай-ақ «Жаһандық акциялар» активті мандаты және «Капиталдануы жоғары,

АҚШ долларына номинирленген инвестициялық деңгейдегі жаһандық корпоративтік облигациялар» мандаты бойынша шетелдік басқарушы компанияларды іріктеу және БЖЗҚ зейнетақы активтерінің шетел валютасына номинирленген бөлігін беру бойынша қажетті рәсімдер жүзеге асырылуда», - деп атап өтті Ұлттық Банк басшысы.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz